

яғни психологиялық-педагогикалық пәндер жөнінде жаңа ақпараттармен бағдар болуы, кәсіби шеберлік пен дағдысы және жекелей тәжірибесінің болуы. Сонымен қатар, педагог перспективалық жұмысқа мақсат қоя білуі қажет, кәсіби жетістіктерге жетуге ұмтылуы және жаңа білімдерді игере білуі қажет.

Кәсіби құзіреттілік мәселесін зерттеген ғалымдардың ой – тұжырымдарын терең талдай отырып, білім беру жағдайында педагогтің құзіреттілігі мынадай үш аспектімен бірдей кешенде сипаттауға болады:

1. Мәндік аспект, яғни ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым-қатынас, білім беру жағдайда оқытудың теориялық негізін ұғыну;

2. Проблемалық практикалық аспект, бұл осы жағдайда педагогтің алдыға мақсат орындау жолдарын, міндет нормаларын қойып жинақтауды сипаттайды;

3. Коммуникативтік аспект, бұл педагогтің оқу үрдісіне, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Кәсіби таңдау сұрақтарымен көбінесе Гарвард университетінің психологиялық лабораториясының директоры профессор Г. Мюнстерберг айналысқан. Оны психотехниканың тума басшысы деп атауға болады.

Кәсіби өзін – өзі анықтау мәселесі соншалықты күрделі, оны қанағаттандыру тек бір адамның ғана қолынан келмейді; ол жан – жақты ақпараттық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуді қажет етеді. Егер еркіндік факторына сүйенетін болсақ, онда студенттердің кәсіби өзіндік анықталулары мен қажетті жұмыс кадрлары арасындағы сәйкес келмеушілік маңыздырақ болатыны анық. Осы орайдағы сәйкес келмеушіліктің тағы бір себебін атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Грехнев В.С. Культура педагогического общения. – М., 1990.
- 2 Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. – М., 1994.
- 3 Симонов В.П. Диагностика личности и профессиональное мастерство преподавателя. – М., 1995.
- 4 Хозяинов Т.И. Педагогическое мастерство преподавателя. – М., 1988.

«ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қабекенов Ф.У.,

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қазақстан

Annotation. *The problems of social pedagogics in the teaching process of High educational schools are analysed in this article . Also the books and textbooks on social pedagogics which were published in Kazakh language are discussed. The scientific- methodical analyse were done to the textbooks and books. The social pedagogics preferred the concretization of rules, contests and parts of the books and textbooks on social pedagogics in future.*

Аннотация. *В статье анализируются проблемы особенностей социальной педагогики обучения в учебном процессе вуза. Рассмотрены содержание учебников и учебных пособий по социальной педагогике, которые изданы на государственном языке, предложены рекомендации по усовершенствованию учебного материала по социальной педагогике на казахском языке.*

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық мамандарды даярлауда жаңарту мен толықтыруды қажет ететін мәселелер жеткілікті. Бұл мәселенің екі аспектісін қарауға болады *біріншісі сыртқы* яғни, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатына Болон үрдісі талаптарының орындалуы жүзеге асырылуы. Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында нақты дерек келтірілген: «Жоғары білімнің мазмұны мен құрылымын Болон процесінің пара-

метрлеріне сәйкес келтіру арқылы жоғары білімнің еуропалық аймаққа кірігуін қамтамасыз ету» /1/.

Бұл аспекті бойынша жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың негізгі формаларын, сыртқы құрылымын, әдіс-тәсілдерін базалық-материалдық мүмкіндіктерге қарай өзгертіп, қалыптастырамыз. Мысалы барлық ЖОО толықтай енген кредиттік жүйені атауға болады. Осы жүйе білім алушы мен оқытушылардың қарым-қатынасын, білімді бағалау нормасын, оқытудың әдістемесін, жалпы білім берудің толықтай сыртқы келбетін жаңартты. Біз бұл жағдайда әлемдік білім кеңістігіндегі қалыптасқан тәжірибені саралап, өзіміздің ЖОО – дағы оқу үдерісіне қолданып отырмыз. Яғни, жоғары оқу орындарының оқу үдерісін модернизациялауға әсер еткен сыртқы фактор айтылып отыр.

Екінші, ішкі мәселе жоғары оқу орындарының білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сай, жаңа парадигмаға лайықталған, ұлттық жүйеге негіздеп ұйымдастыру мен қалыптастыру және жетілдіру. Оқытылатын пәндер мен осы пәндердің негізгі мазмұнын жасақтау, типтік бағдарламалар мен оқу жоспарлары, оқу жұмыс бағдарламаларын түзу өзіміздің еншімізде.

Осы екінші мәселеге қатысты жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандар даярлау жайына байланысты тоқталып өтсек. «Педагогика және психология» мамандарын даярлау еліміздің жоғары оқу орындарында жолға қойылған. Бұл жерде ойымыз дәлелді болу үшін жалпыдан жалқы мәселеге көшіп, тек қана әлеуметтік педагогика пәнін оқытудың ғылыми-педагогикалық қарастыруды жөн санадық. «Педагогика және психология» мамандығының мемлекеттік білім стандартында көрсетілген тиісті пәндердің бірі – «әлеуметтік педагогика». Мәселенің мәнін ашу үшін әлеуметтік педагогиканың ғылыми тұрғыдан зерттелуіне зер салып өтсек.

«Әлеуметтік педагогика» қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді зерттеуге бағытталған интеграцияланған ғылым саласы ретінде қарастырылады. Сол себепті ғалымдар бұл мәселенің ғылыми-педагогикалық, тарихи-философиялық, әлеуметтік-қоғамдық, әдістемелік-практикалық сияқты түрлі аспектілер тұрғысынан саралаған.

«Әлеуметтік педагогика» мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдарды санама-лап атауға болады. Аталмыш ғылым саласын зерттеуге бұрыннан бері үлес қосып келе жатқан ресейлік ғалым-педагогтар атап айтқанда, В.Г. Бочарова, Р.А. Литвак, М.А. Галагузова, И.А. Липский, Г.Н. Филонов, М.В. Фирсов, А.В. Мудрик, Н.Ю. Клименко, Л.В. Мардахаев және т.б.

Еліміздегі әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы мен тарихы, теориясы мен практикасын негіздегендер: Қ.У. Биекенов, М.С. Аженов, З.Ж. Жаназарова, Н.П. Калашникова, І.Р. Халитова, Ж.А. Нурбекова.

Қазақстанда әлеуметтік педагогика және әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлауды зерттеген ғалымдар: Ш.Ж. Колумбаева, Г.Ж. Меңілбекова, М.Т. Баймұқанова, Р.И. Бурганова, Ж.М. Байғожина, К.А. Жукенова, Л.Т. Кожамқұлова, К.М. Кумаржанова, К.Г. Какен, Б.Р. Құлбекова. т.б.

Кеңес Одағы ыдырап әлеуметтік педагогика пәні оқытыла бастаған кезеңде қазақ тілінде ешқандай оқулық, оқу құралдары болмады. Ғылыми тұрғыдан зерделенген еңбектерде басым көпшілігі орыс тілінде жазылды. Бүгінгі таңда қазақ тілінде жарық көріп, білім алушылар мен ғылыми қауымға таныс болған «әлеуметтік педагогика» оқулықтары мен оқу құралдары туралы пікірімізді сабақтай түссек.

Елімізде әлеуметтік педагогика оқулығын қазақ тілінде шығарған ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Исламия Рамазанқызы Халитова болатын. Бұл оқулықта төмендегідей тараулар қамтылған: «Әлеуметтік педагогика және әлеуметтік педагог маманы» деп аталатын *бірінші тарауда*, әлеуметтік педагогика ғылым ретінде, оның туындауы мен дамуы, әлеуметтік педагогика жұмыс бағыттары, әлеуметтік педагог мамандарды даярлау жүйесі; «әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың негізі-әлеуметтендіру» деп аталатын *екінші тарауда* әлеуметтендірудің педагогикалық шарттары, негізгі факторлары, әлеуметтік пе-

дагогикалық іс-әрекет түрлері, жұмыс мазмұны, жетім және қараусыз қалған балалар осы жұмыстың нысаны ретінде; «Девиантты мінез-құлық-әлеуметтік педагогиканың мәселесі» деп аталатын *үшінші тарауда* девиантты мінез-құлық туралы түсінік, оның туындау себептері, маскүнемдік, нашақорлық, девиантты жүріс-тұрыс және әлеуметтік педагогикалық қызмет; «әлеуметтік педагогтың басқа да жұмыс бағыттары» деген *төртінші тарауда* дарынды балалармен жұмыс ерекшеліктері, андрагогика және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, ҚР халықты әлеуметтік қорғау жұмыстары соңында жазу жұмыстарының тақырыптары мен оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар берілген /2/.

Әлеуметтік педагогиканың қалыптасуы мен дамуы, әлеуметтік іс-әрекет, тұлғаны әлеуметтендірудің факторлары, тетіктері, ауытқушылық мінез-құлық және онымен жұмыс түрлері туралы ұтымды мәліметтер келтірілген.

Қазір қазақ тілінде жазылған «әлеуметтік педагогика» оқулықтары мен оқу құралдарының саны көбейіп келеді. Осы ойдың дәлелі ретінде он баспа табақ көлемін қамтитын 2011 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасынан шыққан педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Айгүлім Боранбайқызы Айтбаеваның «Әлеуметтік педагогика негіздері» оқу құралын ерекше атап өтуге болады /3/. Аталған оқулықта сегіз тарауға бөлінген:

Бірінші тарау әлеуметтік педагогиканың ғылыми-теориялық негіздері мен зерттеу пәні. *Екінші тарау*. Жасөспірімдер мен жас ерекшеліктерінің мінез-құлықтық сипаттамасы. *Үшінші тарау*. Әлеуметтену – әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде. *Төртінші тарау*. Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі, жұмыс бағыттары, функциялары. *Бесінші тарау*. Балалардың тәрбиесі мен дамуындағы ауытқушылықтар, оларды жою және алдын алу жолдары. *Алтыншы тарау*. Балалық шаққа әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетудің ғылыми-практикалық негіздемесі. *Жетінші тарау*. Әлеуметтік педагогтың отбасымен және де басқа әлеуметтік институттармен жүргізетін жұмыстарының түрлері. *Сегізінші тарау*. Жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік тәрбие. Бұл оқу құралының мазмұны өте бай соңғы жаңалықтармен, құнды деректермен ғылыми жағынан бай түсінікті тілмен баяндалған. Болашақ әлеуметтік педагогтар үшін өте қажетті, күнделікті қол кітабына айналдыруға болатын еңбек деп есептеймін.

Қазақ тілінде 2012 жылы 272 бет көлемінде педагогика ғылымдарының докторы, доцент Қалипа Тұрсынқызы Әтемованың авторлығымен «Әлеуметтік педагогика» жарық көрді /4/. Бұл оқулықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұсынып еліміздің көптеген жоғары оқу орындарына тараған. Оқулықта әлеуметтік педагогиканың теориясы мен практикасы төрт тарауға бөліп қарастырылған: 1) әлеуметтік педагогиканың методологиялық негіздері, 2) тұлғаны әлеуметтік қалыптастыру, 3) балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы әлеуметтік ауытқулар, 4) әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің әдістемесі мен технологиясы. Оқулықта қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес келетін мәліметтер жеткілікті дәрежеде берілген. Өзіміздің ұлттық нақыштағы, ресейлік ой-санадан тазаруға бағытталған, қазақы дүниетанымға лайықталған оқулық деуге болады. Әсіресе, отбасына қатысты деректер мен жіктеулер жан-жақты қамтылған.

Соңғы жазылған оқулықтар қазіргі басшылыққа алынып жүрген әлеуметтік педагогиканың типтік бағдарламасына барынша сай келеді.

Семей мемлекеттік педагогикалық институтынан 2010 жылы педагог-ғалым Шолпан Дүйсенбекованың авторлығымен «Әлеуметтік педагогика» атты оқу құралы шығарылған /5/. Бұл оқу құралы бес тарау бөліп төмендегідей қарастырылған: 1) әлеуметтік педагогика және әлеуметтік-педагог маманы; 2) Ұлттық тәрбие негізінде жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтендіру проблемалары; 3) Ресей елдеріндегі әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогиканың дамуы; 4) Шет елдердегі әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогиканың дамуы; 5) Бұқаралық ақпарат құралдар-әлеуметтендіру факторы.

Осы оқу құралында басқа оқулықтар мен оқу құралдарына қарағанда бұқаралық ақпарат құралдар-әлеуметтендіру факторы мәселесіне айрықша тоқталған. Бұл тақырыпқа байла-

нысты жастар арасында зерттеу жұмысын жүргізіп, оның нәтижелерін баяндаған. Оқулықтар мен оқу құралдарының баламалы түрлерінің көп болуы оқу материалдарының қорын байытып, салыстырмалы деректер мен дәлелдердің санын молайтып, авторлардың көзқарастары мен идеяларын жан-жақты саралауға, қажетті ғылыми нысандар мен пәндерді таңдау мүмкіндігін беретіндігі шындық.

Жоғары қазақ тілінде жарияланған, қол жетімді болған оқулықтар мен оқу құралдарына қысқаша сипаттама жасалды. Осы тұста назар аударатын маңызды ғылыми-әдіснамалық мәселелердің бірі әлеуметтік педагогика оқулығының бөлімдерін нақтылап көрсету, белгілі бір жүйеге келтіру болып табылады. Мәселен, жалпы педагогиканың жалпы педагогика негіздері, тәрбие теориясы, дидактика, мектептану сияқты нақтыланған, ғылыми сараптаудан өткен төрт бөлімі бізге белгілі. Осы айтылғандай әлеуметтік педагогиканың ғалымдардың саралауынан өткен, ғылыми әдіснамалық тұжырымдамалар жасалған жүйелі, дәлелді бөлімдерін қалыптастыру қажет деп санаймын. Себебі кез-келген оқу пәндердің мазмұны өзіндік логикалық жүйелілікке бағынған, шашыраңқы ойдан таза, тақырыптық тұтастық, ғылыми бірізділік, өзара сабақтастық болуы сабақ үдерісі барысында студенттер мен оқытушылардың тағымдық бірлестігін нығайта түседі.

Аталмыш мәселеге байланысты ғалым Л.Е. Никитинаның «Социальная педагогика» оқулығында әлеуметтік педагогиканың ғылыми салаларын негіздеп, пәндері мен бағыттарын жіктеп көрсеткен /6/. Нақтырақ айтқанда, төмендегідей тізбектеліп берілген: педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі әлеуметтік педагогика:

1) әлеуметтік педагогиканың жалпы бөлімдері:

- әлеуметтік педагогиканың тарихы;
- әлеуметтік педагогиканың әдіснамасы;
- салыстырмалы әлеуметтік педагогика.

2) әлеуметтік педагогиканың пәндері:

- жеке тұлға дамуындағы әлеуметтік педагогика;
- әлеуметтік орта педагогикасы;
- әлеуметтік жұмыс педагогикасы;
- әлеуметтік педагогика саласындағы кәсіби білім.

3) әлеуметтік педагогиканың ғылыми бағыттары:

әлеуметтік-педагогикалық: аксиология; праксеология; диагностикалау; квалиметрия; болжам жасау; жаңа үлгілеу; жобалау; бағдарламалау; жетекшілік және басқару; инноватика.

4) Әлеуметтік педагогиканың ғылыми салалары: әлеуметтік педагогикалық валеология, әлеуметтік педагогикалық конфликтология, әлеуметтік педагогикалық информатика, әлеуметтік педагогикалық виктимология, социокинематика.

Жалпы, бұл ресей ғалымдарының ішіндегі әлеуметтік педагогиканың бағыттары мен бөлімдерін ғылыми негізде саралаған оқулықтардың бірі ретінде қарауымызға болады. Сондықтан да, әлеуметтік педагогика әдіснамалық негіздерін, ғылыми категорияларын, заңдылықтары мен қағидаларын, ғылыми салалары мен бағыттарын, жалпы бөлімдерін осы мәселемен айналысатын ғалымдар мен практик мұғалімдер бірлесе отырып жүйеге келтіру, ғылыми тұрғыдан нақтылау сабақ үдерісінің сапасын арттыра түседі есептеймін.

Мақаланы түйіндей келе, мынандай мәселелерді ұсынамын:

– алдағы уақытта әлеуметтік педагогика оқулықтарын педагогика ғылымының бір саласы ретінде өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз бен дүниетанымызға сай белгілі бір жүйесін қалыптастыруымыз қажет.

ҚР Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында былай делінген: «Жоғары оқу орындарында гуманитарлық мамандықтар сияқты техникалық мамандықтар бойынша да кітапхана қорын жаңартудың бекітілген нормалары сақталмайды. Көптеген пәндер бойынша оқулықтар әзірленбейді немесе аз тиражбен басылады. Жоғары оқу орындарының ақпараттық ресурстары біріктірілмеген, кітапхана қоры бытыраңқы сипатқа ие». Осы мәселеге байланысты нақтылай айтқанда.

–кейбір жоғары оқу орындарының баспаларынан шығарылған оқулықтар мен оқу құралдары республика көлеміне кеңінен тарай қоймайды. Бір оқу орында жарық көрген, оқырман сұранысына ие оқу құралдары екінші оқу орында ешкімге керексіз болып бұрышта жатады. Сондықтанда, ЖОО-да шыққан мемлекеттік білім стандарттарына, типтік бағдарламаларға сай жазылған кітаптар басқа оқу орындарда кем дегенде 1-2 данадан тартылуды міндеттеу қажет деп санаймын.

Қорыта келе, жоғарыда қазақ тілінде жарық көрген әлеуметтік педагогика оқулықтар мен оқу құралдарына талдау жасалынып, онда қарастырылған тараулардың мазмұны зерделенді. Болашақта әлеуметтік педагогика пәнін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін зерттеу өз жалғасын табады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы
- 2 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогика. – Алматы, 2006.
- 3 Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 165 б.
- 4 Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: оқулық. – Алматы, 2012. – 272 б.
- 5 Дуйсенбекова Ш. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Семей: Семей мемлекеттік педагогикалық институт, 2010. – 81 б.
- 6 Никитина Л.Е. Социальная педагогика: учебное пособие для вузов. – М.: Академический Проект, 2003. – 272 с.

ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОЙ СРЕДЕ

Кац Н.А., Ким В.А., Козлова Л.И.,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан

Annotation. This article describes the problems of physical education of students, methodical principles of physical education, methods and forms of influence to the consciousness of young people, issues of methodology and conceptual support of university sport.

В развитии и формировании личности большое значение имеют, прежде всего, физическое воспитание, укрепление сил и здоровья, выработка двигательных функций, физической закалки и санитарно-гигиенической культуры. Без крепкого здоровья и надлежащей физической закалки человек теряет необходимую работоспособность, не в состоянии проявлять волевых усилий и настойчивости в преодолении встречающихся трудностей, что, безусловно, может мешать ему в его личностном развитии. К тому же современное производство зачастую культивирует гиподинамию (малую подвижность) и однообразные движения, что иногда может приводить к физическому уродованию личности. Развитие студенческого спорта – это в первую очередь научная проблема, которая нуждается в глубокой методологической разработке, создании педагогической системы управления, развитию этой разновидности спорта, разработке соответствующих психологических и управленческих технологий.

В то же время многие специалисты отрасли рассматривают данную проблему как чисто управленческую и даже более узко – как финансовую. По нашему мнению, успешное развитие спорта для всех категорий населения, и в студенческой в частности, – это не только политическая, но в первую очередь научная проблема. Без решения вопросов методологического и концептуального обеспечения студенческого спорта его развитие будет осуществляться вслепую, бессистемно, в конечном счете неэффективно, не будет соответствовать тем социальным ожиданиям, которые на него возлагаются.